

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 29 тамыз N 1308. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.05.22. N 465 қаулысымен. ~P980465

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 U973377_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы

департаменті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің салық полициясы органдары туралы уақытша ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 қарашадағы N 1436

P961436_

қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 29 тамыздағы
N 1308 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Салық полициясы департаменті
(Қаржыминінің Салық полициясы департаменті)
мен оның аумақтық органдары туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі құрылымындағы құқық қорғау органдарының орталықтандырылған жүйесін құрайтын және қызметін елдің салық салу саласындағы экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыратын салық полициясы органдарына басшылық жасайды.

2. Салық полициясы департаменті өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департаменттің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Салық полициясы департаментінің және оның аумақтық органдарының штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді. Департаменттің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті заңды тұлға болып табылады, оның оқшауланған мүлкі болады, банкте есеп айырысу және өзге де шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

II. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

6. Департамент пен оның аумақтық органдарының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

салық заңдарының бұзылу фактілерін жинау, талдау және оларға баға беру, салықтық құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу;

заңды және жеке тұлғалардан салық төлемеумен байланысты не табыстарды бүркемелеу немесе азайтып көрсету, салық салу объектілерін жасыру

мақсатында жасаған қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің түспеуіне немесе жеткілікті түрде түспеуіне байланысты мемлекетке зиян келтіруге әкеп соққан өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу, сондай-ақ мемлекеттің алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелердің орындалуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

салық төлеуден және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындаудан жалтарған тұлғаларды іздестіруді жүзеге асыру;

салықтық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу мәселелері бойынша құқық қорғау, бақылаушы және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

салықтық құқық бұзушылықтармен және қылмыстармен мемлекетке келтірілген зиянның орнын толтыру жөнінде өз құзыреті шегінде шаралар қ а б ы л д а у ;

Департамент пен оның аумақтық органдарына жүктелген өзге де міндеттер.

7. Департамент пен оның аумақтық органдары өздерінің алдына қойылған м і н д е т т е р г е с ә й к е с :

өз өкілеттіктері шегінде салықтық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы ақпараттарды жинау мен талдауға. Қажет болған жағдайларда салықтық қылмыстар мен тәртіп бұзушылықтарға әсер ететін себептер мен жағдайларды жою туралы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына ұсыныстар енгізуге;

өзірленіп жатқан және жасалған салықтық қылмыстар мен тәртіп бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарларды және өзге де ақпаратты қарауға, белгіленген ретпен оларға тексеру жүргізуге;

салық полициясы органы басшысының ұйғарымы бойынша Қазақстан Республикасы Салық комитеті органдарымен, Қаржы министрлігінің басқа да бөлімшелерімен бірлесіп, салық төлеушілерді тексеруге;

анықталған салық және әкімшілік заңдарды бұзушылықтар бойынша актілер (хаттамалар) жасауға, сондай-ақ заңдармен берілген өкілеттіктері шегінде қ а у л ы л а р ш ы ғ а р у ғ а ;

заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша салық салудан жалтарумен немесе мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындамаумен байланысты қылмыстарды анықтау және тергеу мақсатында жедел-іздеу әрекеттерін, жауап алуды жүргізуге;

өз құзыреті шегінде салық қызметі әрекеттерінің қауіпсіздігін, оның қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауға;

салық төлеуден, мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерін орындаудан жалтарған тұлғаларды іздестіруді жүзеге асыруға;

басқа құқық қорғау органдарымен бірлестікке салықтық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қ а т ы с у ғ а м і н д е т т і .

8. Департамент пен оның аумақтық органдары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және міндеттемелерді орындау кезінде: салық салу, мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді орындау мәселелері бойынша салық төлеушілерді тексеруге, оларды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартуға; өз құзыреті шегінде ұйымдар мен жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті а к т і л е р ш ы ғ а р у ғ а ; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тексеру және жедел-іздеу қызметін ж ү р г і з у ғ е ; мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға; өз құзыреті шегінде мемлекет меншігіндегі мүлікті иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы.

III. Салық полициясының қызметін ұйымдастыру

9. Салық полициясы органдарының жүйесін: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті, оған бағыныстағы аумақтық органдар, оқу орындары және Департаменттің тікелей қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

10. Департаменттің қылмыстық іс жүргізу және жедел-іздігінен басқа қызметіне жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Қаржы министрі жүзеге асырады.

11. Департаменттің жұмысына тікелей басшылықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор жүзеге асырады.

12. Департамент Директорының орынбасарларын, Департаменттің облыстар, республика астанасы бойынша басқармаларының бастықтарын Департамент Директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Салық полициясының басқа қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясында қызмет өткеру туралы ережеге сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

13. Салық полициясы департаменті басқармалардан, дербес бөлімдерден, бөлімшелерден және Департаменттің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдардан тұрады.

Д е п а р т а м е н т :

салық полициясы органдарының салықтық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, анықтау және ашу жөніндегі қызметін ұйымдастырады;

салық полициясы органдары жұмысының басым бағыттарын айқындайды, олардың қызметін жетілдірудің бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асырады;

салық полициясы органдарының қызметін регламенттейтін заң және өзге де нормативтік актілердің жобаларын әзірлейді және белгіленген тәртіппен енгізеді;

салық заңдарын бұзушылық туралы деректерді жинайды және талдайды;

салық полициясы органдарының қызметі үшін қажетті жалпы республикалық анықтамалық-ақпараттық және басқа да деректер базасын жасайды;

салық полициясының органдары анықтаған және болдырмаған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар, жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелері туралы статистикалық есептердің сенімділігін қамтамасыз етеді, салық полициясы органдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыстың нәтижелерін ұдайы қорытындылап отырады, озық тәжірибені таратады және енгізеді;

салық полициясы органдарының штат саны, қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, мекемелері мен ұйымдарында, сондай-ақ басқа мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен қарым-қатынастарда салық полициясын білдіреді;

салық полициясы органдары қызметінің мәселелері бойынша нұсқаулық-әдістемелік материалдар әзірлейді;

Департаментке консультативтік-кеңесші орган - Офицерлік Кеңес құрылады. Офицерлік Кеңестің жеке құрамы мен Ережесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

Департаменттің жанынан, ережесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітетін, ғылыми-консультативтік кеңес құрылуы мүмкін.

Департаменттің жанынан аумақтық органдардың бос орындарының есебінен аймақаралық бөлімшелер құрылуы мүмкін.

14. Департаменттің Директоры Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

Осы мақсатта Департаменттің Директоры:

өз орынбасарларының, салық полициясының аумақтық басқармалары бастықтарының, департаменттің басқа да қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктері шеңберін белгілейді;

Департаменттің салықтық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу және ашу, мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелерді орындау жөніндегі қызметін ұйымдастырады, сондай-ақ салық полициясының бюджетке қосымша аударымдарының және басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы аударылуы жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуына бақылау жасайды;

Департаменттің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдар туралы ережелерді бекітеді;

салық полициясының органдары анықтаған және болдырмаған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар, жедел-ізвестіру жұмыстарының сипаты, көлемі мен нәтижелері туралы статистикалық есептердің сенімділігін, салық полициясы органдары қызметінің нәтижелерін ұдайы қорытындылап отырады, сондай-ақ озық тәжірибені таратуды және енгізуді қамтамасыз етеді;

бөлінген штат саны мен еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Департаменттің орталық аппаратының, оның құрылымдық бөлімшелерінің лауазымдары мен штат кестесінің тізбесін, сондай-ақ төменгі тұрған органдардың құрылымы мен штат санын бекітеді;

белгіленген тәртіппен Департаменттің және оның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

өз құзыретінің шегінде жедел қызметтік іс-әрекетті ұйымдастыруға байланысты бұйрықтар, нұсқаулықтар мен нұсқаулар шығарады;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

15. Департамент Директорының орынбасары Директор жоқ кезде оны ауыстырады. Департамент басқармаларының, бөлімдерінің қызметін үйлестіріп отырады, өзіне Директор жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

16. Салық полициясының аумақтық органдарына: Салық полициясы департаментінің облыстар, республика астанасы бойынша басқармалары, салық полициясының аймақтық және қалалардағы аудандар бойынша бөлімдері жатады.

Аумақтық органдар жергілікті атқарушы органдардың жүйесіне кірмейді және тікелей Департаментке бағынады.

Салық полициясы департаментінің облыстар, республика астанасы бойынша аумақтық басқармалары заңды тұлға мәртебесін иеленеді. Бұл басқармаларға консультативтік-кеңесші орган ретінде Офицерлік Кеңес құрылады, оның құрамын Департаменттің директоры бекітеді.

Аумақтық органдардың құрылымы мен адам санын Салық полициясы департаментінің директоры бекітеді.

Салық полициясының аумақтық органдарының басшылары басқа құқық қорғау, салықтық және бақылаушы органдармен өзара бірлесіп іс-қимыл жасай отырып, өздеріне жүктелген тапсырмалардың тиісті аумақтарда жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, өз құзыреті шегінде шешімдер шығарады, бағыныстағы бөлімшелердің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және б а қ ы л а й д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК